$$u_1(x, t) = \sum_{n=0}^{\infty} A_{2n} \sum_{m=0}^n x^{2n-2m} t^m \beta_{2n,m} + A_{2n+1} \sum_{m=0}^n x^{2n-2m+1} t^m \beta_{2n+1,m} \quad (9)$$

Making substitution $\sqrt{t} = \tau$

$$u_1(x, t) = \sum_{n=0}^{\infty} A_{2n} \sum_{m=0}^n x^{2n-2m} \tau^{2m} \beta_{2n,m} + A_{2n+1} \sum_{m=0}^n x^{2n-2m+1} \tau^{2m} \beta_{2n+1,m} \quad (10)$$

From (5) for $x = 0$

$$\left. \frac{\partial u_1}{\partial x} \right|_{x=0} = \frac{1}{-\lambda_1} P(t)$$

Using above expression we have

$$\sum_{n=0}^{\infty} A_{2n+1} t^n \beta_{2n+1,n} = \frac{1}{-\lambda_1} P(t)$$

$$A_{2n+1} = -\frac{1}{\lambda_1 \beta_{2n+1,n}} \cdot \frac{P^{(n)}(0)}{n!} \quad (11)$$

To find A_{2n} we use multinomial coefficients of Newton's Polynomials.

It is known that

$$(x_1 + x_2 + \dots + x_m)^n = \sum_{k_1+k_2+\dots+k_m=n} \binom{n}{k_1, k_2, \dots, k_m} \prod_{1 \leq i \leq m} x_i^{k_i}$$

where $\binom{n}{k_1, k_2, k_3, \dots, k_m} = \frac{n!}{k_1! k_2! \dots k_m!}$ is a *multinomial coefficient*

for

$$\beta(t) = \alpha_1 t^{1/2} + \alpha_2 t^1 + \alpha_{n+1} t^{3/2} + \dots = \sum_{n=0}^{\infty} \alpha_{n+1} t^{\frac{n+1}{2}} \quad (12)$$

after making substitution $\tau = \sqrt{t}$ we have

$$(\alpha_1 \tau + \alpha_2 \tau^2 + \dots + \alpha_{m+1} \tau^{m+1})^n = \sum_{k_1+k_2+\dots+k_{m+1}=n} \binom{n}{k_1, k_2, \dots, k_{m+1}} \cdot \alpha_1^{k_1} \alpha_2^{k_2} \dots \alpha_{m+1}^{k_{m+1}} \tau^{k_1+2k_2+\dots+(m+1)k_{m+1}} \quad (13)$$

where

$$\binom{n}{k_1, k_2, \dots, k_{m+1}} \alpha_1^{k_1} \alpha_2^{k_2} \dots \alpha_{m+1}^{k_{m+1}} \quad (14)$$

is a multinomial coefficient in our case

Thus to derive recurrent formula for A_{2n} , we take both sides of (5), $2k$ – times derivatives at $\tau = 0$, we use multinomial coefficients and get following expressions.

$$0 \equiv 0^{(4l)} = \sum_{n=1}^l A_{2n} \sum_{m=0}^{n-1} C_{2n,m} [4l] + \sum_{n=l+1}^{2l-1} A_{2n} \sum_{m=0}^{2l-n-1} C_{2n,m+2(n-l)} [4l] \beta_{2n,m+2(n-l)} + A_{4l} \beta_{4l,2l} +$$

$$+ \sum_{n=1}^l A_{2n-1} \sum_{m=0}^{n-1} C_{2n-1,m} [4l] \beta_{2n-1,m} + \sum_{n=l+1}^{2l} A_{2n-1} \sum_{m=0}^{2l-n} C_{2n-1,m+2(n-l)-1} [4l] \beta_{2n-1,m+2(n-l)-1} \quad (15)$$

where $l=1, 2, \dots$ and

$$\begin{aligned}
 0 \equiv 0^{(2(2l-1))} &= \sum_{n=1}^{l-1} A_{2n} \sum_{m=0}^{n-1} C_{2n,m} [2(2l-1)] \beta_{2n,m} + \sum_{n=l}^{2l-2} A_{2n} \sum_{m=1}^{2l-n-1} C_{2n,m+2(n-l)} [2(2l-1)] \beta_{2n,m+2(n-l)} + \\
 &+ A_{4l-2} \beta_{4l-2,2l-1} [2(2l-1)] + \sum_{n=0}^{l-1} A_{2n+1} \sum_{m=0}^n C_{2n+1,m} [2(2l-1)] \beta_{2n+1,m} + \\
 &+ \sum_{n=l}^{2l-2} A_{2n+1} \sum_{m=1}^{2l-n-1} C_{2n+1,m+2(n-l)+1} [2(2l-1)] \beta_{2n+1,m+2(n-l)+1} \\
 A_0 &= 0
 \end{aligned} \tag{16}$$

Thus A_{2n} , coefficients are found explicitly and can be calculated from (15) and (16) where $C_{i,j}[4l]$ or $C_{i,j}[4l-2]$ multinomial coefficients or sums of coefficients at $\beta_{i,j}$.

B_n coefficients can be found from (3).

$$B_n = \frac{1}{2} \cdot \varphi^{(n)}(0) \tag{17}$$

To calculate C_n we apply Leibniz, Faa Di Bruno's formulas and Bell polynomials

Using Leibniz formula we have

$$\left. \frac{\partial^k [2^{n/2} \tau^n \cdot i^n \operatorname{erfc} \beta]}{\partial \tau^k} \right|_{\tau=0} = \begin{cases} 0, & \text{for } k < n \\ \frac{2^{n/2} k!}{(k-n)!} \cdot [i^n \operatorname{erfc} \beta]^{(k-n)}, & \text{for } k \geq n \end{cases} \tag{18}$$

Using Faa Di Bruno's formula and Bell polynomials for a derivative of a composite function we have

$$\left. \frac{\partial^{k-n} [i^n \operatorname{erfc}(\pm \beta)]}{\partial \tau^{k-n}} \right|_{\tau=0} = \sum_{m=1}^{k-n} (i^n \operatorname{erfc}(\pm \beta))^{(m)} \Big|_{\beta=0} \cdot B_{k-n,m}(\beta'(\tau), \beta''(\tau), \dots, \beta^{(k-n-m+1)}(\tau)) \Big|_{\tau=0} \tag{19}$$

where

$$B_{k-n,m} = \sum \frac{(k-n)!}{j_1! j_2! \dots j_{k-n-m+1}!} \cdot \beta_1^{j_1} \beta_2^{j_2} \beta_3^{j_3} \dots \beta_{k-n-m+1}^{j_{k-n-m+1}} \tag{20}$$

and $j_1, j_2, \dots$ satisfy following equations

$$\begin{aligned}
 j_1 + j_2 + \dots + j_{k-n-m+1} &= m \\
 j_1 + 2j_2 + \dots + (k-n-m+1)j_{k-n-m+1} &= k-n \\
 [i^n \operatorname{erfc}(\pm \beta)]^{(m)} \Big|_{\beta=0} &= (-1)^m i^{n-m} \operatorname{erfc} 0 = (\mp 1)^m \frac{\Gamma(\frac{n-m+1}{2})}{(n-m)! \sqrt{\pi}}
 \end{aligned} \tag{21}$$

From $x = \beta(\tau)$ we have

$$\sum_{n=0}^k \frac{g^{(n)}(0)}{n!} \cdot \mu + \sum_{n=0}^k C_n \cdot \mu = 0 \tag{22}$$

where

$$\mu = (2)^{1/2} \frac{k!}{(k-n)!} \sum_{m=1}^{k-n} (-1)^m \frac{\Gamma(\frac{n-m+1}{2})}{(n-m)! \sqrt{\pi}} \cdot \sum \frac{(k-n)!}{j_1! j_2! \dots j_{k-n-m+1}!} \cdot \beta_1^{j_1} \beta_2^{j_2} \beta_3^{j_3} \dots \beta_{k-n-m+1}^{j_{k-n-m+1}}$$

Thus analytical solution of problem (1)-(6) is found, coefficients $A_{2n}, A_{2n+1}, B_n, C_n$ of (7) and (8) can be calculated from (11), (15), (16), (17), (22).

Convergence can be proved following the proof analogy of represented in [4]

REFERENCES

- [1] Widder D.V. *Analytic solutions of the heat equation*, Duke Math. J. 29 (1962), 4 97-503.13.
[2] Tikhonov A.N., Samarski A.A. *Equations of Mathematical Physics*. Gostechteorizdat, 1951. (in Russ.).
[3] Friedman A. *Free boundary problems for parabolic equations I. Melting of solids*, J. Math. Mech., 8 (1959), pp. 499–517.
[4] Kharin S.N. *The analytical solution of the two-phase Stefan problem with boundary flux condition*, Mathematical journal, Vol.14, № 1 (51), 2014, pp. 55–76.

**ЖЫЛУӨТКІЗГІШТІК ТЕНДЕУІНІҢ
ЖЫЛЖЫМАЛЫ АЙМАҚТАРДА АНАЛИТИКАЛЫҚ ШЕШІМІ**

М. М. Сарсенгельдин, Н. Т. Бижигитова

Сүлеймен Демирел атындағы университет, Қаскелен, Қазақстан

Тірек сөздер: интегралды Қателіктер Функциясы, жылу полиномдары, жылжымалы аймақтар.

Аннотация. Жылуөткізгіштік тендеуінің интегралды қателіктер функциялары және жылу полиномдары арқылы аналитикалық шешімі табылған.

**АНАЛИТИЧЕСКОЕ РЕШЕНИЕ УРАВНЕНИЯ ТЕПЛОПРОВОДНОСТИ
С РАЗРЫВНЫМИ КОЭФФИЦИЕНТАМИ**

М. М. Сарсенгельдин, Н. Т. Бижигитова

Университет им. Сулеймана Демиреля, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: Интегральная Функция Ошибок, тепловые полиномы, подвижные границы.

Аннотация. Найдено аналитическое решение уравнения теплопроводности с разрывными коэффициентами методом интегральных функций ошибок и тепловых полиномов.

Поступила 25.02.2015 г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
PHYSICO-MATHEMATICAL SERIES

ISSN 1991-346X

Volume 3, Number 301 (2015), 207 – 211

**ACTION SOME ASPECTS
OF THE FIELD AND WAVE IN THE RFID**

O. B. Suieubaev

Almaty University of Power Engineering and Telecommunications, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: olzhas3384@mail.ru

Keywords: RFID-technology, interference, ferrite, impedance, label, counter.

Abstract. In this work, according to the task has been studied free distribution and reducing the intensity of RFID systems for remote areas: video, dissipation, self-diffraction of light or other sources of radiation is increased sensitivity RFID. In the case of RFID calculator used the EQ and multi-antenna. In the RFID system in remote areas antenna radiation pattern is distorted when you change the location of each other, therefore decreases the power return signal.

In RFID systems of a distant zone of the directional pattern of antennas of tags can also significantly be distorted at their close relative positioning and, respectively, efficiency of transfer of power and signals will decrease.

КЕЙЫР АСПЕКТИЛЕРДІҢ RFID ЖҮЙЕСІНДЕ ӨРІС ПЕН ТОЛҚЫНҒА ӘСЕРІ

О. Б. Сүйеубаев

Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: RFID технологиясы, интерференция, феррит, импеданс, белгі, есептеуіш.

Аннотация. Жұмыста ұсынылған тақырыпқа сәйкес еркін таралу салдарымен және интенсивтіліктің жай кемуі RFID жүйелерінің алыс аймақтарда: бейнелерге, шашыратуға немесе өзінің дифракциялық сәулеленуіне немесе басқа көздердің сәулеленуі RFID жүйелерінің жоғарғы сезімталдығы болып табылады. RFID жағдайында есептеуіштерде эквайзерлі және антенналы көп арналылық қолданылады. RFID жүйесінде алыс аймақтағы белгі антенналарының диаграммалық бағытталуы олардың өзара орналасуы кезінде бұрмаланады, сәйкесінше қуат жіберілуі және сигнал нәтижесі төмендейді.

Кіріспе. RFID технологиясын қолдану мүмкіндіктері тек қана адам ойымен ғана шектеулі. Алайда, RFID - желі өтімін басқару немесе тұтынушы қолданатын тауарлар саласын басқару үшін көбірек жарайды деген пікір бар, RFID желісінің диапазоны бұл пікірлерден әлдеқайда тыс қолданылады. Қолдану аймағына қарай жүйенің техникалық сипаттамаларының негізгі компоненттеріне шектеу қатары қолданылады.

RFID жүйесінің негізгі техникалық сипаттамаларына: қашықтық, тез әрекеттілік, байланыс сенімділігі және электромагниттік үйлесімділігі жатады. Құрылғының әрбір бөлек сипаттамасы тікелей немесе жанама құрамымен анықталады. Арнаның байланысты тарату қасиеті мынадай параметрлермен анықталады: ылғалдылық, ортаның температураға тәуелділігі және де айналадағы әртүрлі заттардың қатынасымен анықталады.

RFID жүйесінің сипаттамасына ауытқудың ықпалдылығы. Атмосфера біртекті және жұтылмайтын болып келеді, қоршаған және әсер ететін, тарату және қабылдау объектілер жоқ. Бірақ, тәжірибеде қоршаған орта еркін орта моделіне сәйкес келмейді. Біз бұл аспектілерді қысқаша қарап өтеміз. Сонымен қатар қоршаған ортаға әсерін тигізетін интерференция және шуылдарды да қарастырамыз.

RFID жүйелерінде, жақын аймағында функционалданатын өріс кернеулігі $1/r^2$ немесе $1/r^3$ пропорционалды түрде кемиді, ал $1/r$ алыс аймағына қарағанда, сигналға жақын аймақтағы әсер етуші элементтер қатысты түрде жақсы белгілі. Айта кететін жайт, алыс емес қашықтықта өрістің интенсивтілігін, диаграмманың бұрмалануын және жүйенің басқа да жалпы сипаттамаларына өрістің әсерін елемеуге болады. Бірақ та, жақын аймақтағы индуктивті және көлемді жүйелер қоршаған материалдар мен заттардың әсерінен әсіресе, өткізгіш материалдарға қатты душар болады.

Индуктивті жүйелер токка сезгіш магнитті өрістермен қатынаста болады. Үлкен өткізгіш заттар магниттік өрісте уақыт бойынша әсерлесе, онда оларда ток индукцияланады. Бұл токтар құйынды ток деп аталады және оларды индукцияландырған магниттік өріске кері әсерін тигізеді, сонымен қатар омдық шығындарға алып келеді. Құйынды токтар магниттік өрісті әлсіретеді, RFID жүйесі кезінде антенналарды өзгертеді және қашықтық әрекетін кішірейтеді. Әсіресе, төзімділігі жоғары жүйелер сезімтал болып табылады. Жоғарғы өткізгіштерді экрандауда құйынды токтарды болдырмау үшін мыс-ұнтақты материалдар немесе ферриттер қолданылады. Трансформатордағы құйынды токтарды және омдық жоғалтуларды төмендету үшін төмен электроөткізгішті ферриттер қолданылады. Сыйымдылықты байланыс жүйелері қоршаған заттарға өте сезімтал болып келеді. Себебі, сыйымдылық жүйелері электр өрісі арқылы ара-қатынас тудырады, олардың мәселесі потенциалдардың әртүрлі бұрмалауымен шартталған. Кез келген жерленген объектілер антеннаның электр өріс желісін тартады және сәйкесінше есептеуіш және белгілердің арақатынасы аймағындағы конфигурациясын өзгертеді [1].

Алыс аймақтағы жоғалтулар мен көпсәулелік таралу. RFID жүйесінің қашықтық қатынасы негізінде электромагниттік өрістің кернеулік сәулеленуімен және қоршаған ортаның электро-

динамикалық сигнал таралуы қасиеттерімен шектеледі. Сәулеленетін өріс кернеулігі тікелей әкімшіліктік нормалармен белгіленген (регламенттермен), сондай-ақ әкімшіліктік нормалар арқылы және сигналдың спектрлік енімен шектеулігі байланыс үдерісінің заңдылығымен анықталады. Өрістің кернеулігі антенна түріндегі есептеуіш пен белгі орналасқыштан және өзара бағдарлаудан үлкен тәуелділікте орналасқан. Әкімшілікті реттегіш, өрістің кернеулігін және белгілі бір аймақтағы қуат тығыздығын, тіпті бұл параметрлерді кең көлемдегі техникалық әдістермен қамтамасыздандырса да шектейді.

Кеңістіктің кейбір нүктесіндегі өріс кернеулігі немесе қуат тығыздығы белгілі болғандағы келесі мәселе, қуатты қабылдау болып табылады. Максимальді индукциялы кернеулікке немесе қол жетімді қуатқа жету үшін, сәулеленетін өріс қатынасына сай белгі антеннасын оптимальді түрде бейімдету қажет. Тәжірибеде бұл өте қиын тапсырма болуы мүмкін. Өріс кернеулігі немесе қуат тығыздығы – антенналық белгісі ретінде оның геометриясымен, бейімдеушілік есебімен анықталады. Белгіленген күйдегі геометрия және белгі функционалды антеннаның электронды сұлба параметріне тәуелді болады. Әсіресе, антеннаның импедансы тізбекке және жүктемеге сәйкес маңызды болады.

Байланыстың кері желісінде, белгіден есептеуішке дейінгі белгі жадында сақталатын ақпаратты сигнал модуляциясы өндіріледі. Бұл жағдайда модуляцияланған сигналдың деңгейі әлдеқайда есептеуіш сигнал деңгейінен кем болады. Алайда, есептеуіш сигналдың қиын өңделуі арқасында, бұл жүйенің алысқа қатынасын шектемейді [2].

Антеннаның алыс аймағындағы электромагниттік толқындардың сәулеленуі қоршаған ортаға таралады. Өріс кернеулігі $1/r$ пропорционалды түрде кемиді, бұл, үлкен қашықтықты қатынасты шарттайды. Еркін таралу салдарымен және интенсивтіліктің жай кемуі RFID жүйелерінің алыс аймақтарда: бейнелерге, шашыратуға, өзінің дифракциялық сәулеленуіне немесе басқа көздердің сәулеленуі RFID жүйелерінің жоғарғы сезімталдығы болып табылады. Алыс аймақта жоғалтуларды үлкен масштабты немесе кіші масштабты әртектілікпен сипаттауға болады. Үлкен масштабты әртектілік үлкен арақашықтағы өріс кернеулігінің өзгеруімен анықталады. Кіші масштабты әртектілік көпсәулелену түрлерімен көрсетіледі, бастаудан қабылдағышқа таралатын толқындар интерференцияланып, қабылдағыш нүктедегі өріс кернеулігінде үлкен өзгертулерді тудырады. Кіші масштабты әртектілік үлкен емес арақашықтарда тез флуктуациямен сипатталады. Кіші масштабты және де үлкен масштабты әртектілікпен шартталған жоғалтулар сәйкес модельдермен сипатталады.

Үлкен масштабты жоғалту модельдері, сигналдағы қуаттың өшуі жіберуші арасындағы арақашықтықпен сипатталады. Олар еркін жазықтық үшін кері квадраттық қалыпты заңның теңдеуімен және атмосфера мен материалдар қатынасымен шартталған өшуін сипаттайды. Егер өшу мынаған тең болса:

$$PL(R) = (\lambda / 4\pi R) \quad (1)$$

мұндағы n еркін ортада 2-ге тең болса, онда теңдеу мына түрде болады:

$$Pr = p Pt Gt Gr PL(R) \quad (2)$$

Әдетте бөлме ішіндегі кеңістікте таратылатын бағаны жоғалту логарифмдік модельмен беріледі:

$$PL(R) [\text{дБ}] = PL(R\sigma) + 10 n \log (R/R0) + X\sigma \quad (3)$$

мұндағы n бөлме қасиетіне тәуелді, $X\sigma$ – қалыпты таралған стандартты айнымалы ауытқу σ , децибелмен анықтаған. $R0$ шамасы өлшеу өткізілетін тіркелген қашықтық болады және ол әдетте бөлме ішіндегі өріс таралу шартында 1-ге тең. Кестеде n және σ мәндерін өрістің таралуындағы әртүрлі шарттарда және әртүрлі жиіліктерде көрсетілген. σ -ның кіші мәніне модель дәлірек сәйкес келеді.

Көпсәулелі таралу көрінісін кіші масштабты федингті модельдер сипаттайды. Көпсәулелі таралу – шағын арақашықтықтарда амплитуданың және фазаның қатты флуктуациялануын, кездейсоқ жиілікті модуляцияны және уақытша дисперсияны тудырады. Кеңістікте, металдық заттар және объектілерді бейнелейтіндер, көпсәулелі таралу және сигнал интерференциясына ие болуы мүмкін. Көп сәулеленуді сипаттау үшін әртүрлі статикалық модельдер қолданылады, ал, орташа

N параметрлері және бөлме ішіндегі кеңістікте таралатын логарифмдік модель жоғалтуы σ

Ғимарат	Жиілік (МГц)	n	σ
Талдап сату дүкені	914	2,2	8,7
Бакалейлі дүкен	914	1,8	5,2
Тығыз офис	1500	3,0	7,0
Тығыз емес офис	900	2,4	9,6
Тығыз емес офис	1900	2,6	14,1
Тоқымалы, химикалық өндірістер	1300	2,0	3,0
Тоқымалы, химикалық өндірістер	4000	2,1	7,0 – 9,7
Кітап дүкені, нан дүкені	1300	1,8	6,0
Металл өңдейтін өндіріс	1300	1,6 – 3,3	5,8 – 6,8
Тұрмыс ғимаратының қабырғасы	900	3,0	7,0

квадраттық ауытқудың (ОКА) шамасы кешігіп таралудың ортақ мәні болып табылады. Шағын металдық фрагменттер санымен және тығыз жоспарлауы бар ғимараттардың орташа квадраттық ауытқуы кешігу аймағында 30 нс-дан 60 нс-қа дейін болады. Үлкен ғимараттар, үлкен металдық фрагмент сандарының және ашық шеткі жапсаржайлардың таралу кешігулері 400 нс-қа ие болуы мүмкін. Көп сәулеленудің таралу эффектісін минимальді ететін технологиялар, эквалайзерлі, көп арналы және арнаны кодтау болып табылады. RFID жағдайында есептеуіштерде эквалайзерлі және антенналы көп арналық қолданылады. Мұндай белгілерде өлшемдердің шектелуі, қиыншылықтар және бағасының салдарынан болатын мұндай әдістер қолданылмайды [1].

Көрші антенналардың әсері. Көптеген белгілер бір-біріне жақын орналасқандықтан, олардың антенналар арасындағы байланысы сигналды қабылдауы мен жіберуіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

Белгілердің жақын аймақта орналасуы көрші антенналардың бұзылуына әсер етуі мүмкін. Әсіресе, жоғарғы төзімділікті белгілер сезімтал болады. Осы жақын өрістегі мәселені шешу әдісі - белгілер антенналарын бір-біріне жақын орналастыруда, оларды жоғары жиілікке қою қажет.

RFID жүйесінде алыс аймақтағы белгі антенналарының диаграммалық бағытталуы олардың өзара орналасуы кезінде бұрмаланады, сәйкесінше қуат жіберілуі және сигнал нәтижесі төмендейді.

Температура және ылғалдылық. Қоршаған орта температурасының өзгеруі тізбектегі параметрлерге сәйкесінше өзгерістер тудырады және нәтижелі емес қуат жіберуіне алып келуі мүмкін. Жоғарғы төзімділік жүйесі резонансты жиіліктің қозғалуынан қатерлі бұзулуына алып келуі мүмкін. Сондықтан төменгі температуралы коэффициент компоненттері қолданылуы қажет. Ылғалдылық сипаттаманың құлдырауына алып келуі мүмкін. Жалпы бұл эффектілер жоғары жиіліктерде зиянды болып келеді.

Сонымен, қорыта айтар болсақ электромагниттік өріс пен RFID толқын жүйелерінің энергетикалық және ақпараттық байланысқа жету жолдарын, антенна көмегімен электромагниттік өрістер мен толқындардың пайда болуын, сондай-ақ аталған антенна көмегімен сәулеленетін жақын және алыс аймақтағы өріс қасиеттерін, әрбір аймақтағы энергетикалық және ақпараттық байланыс мәндерін түсіндік. Түйіндей келе біз, қоршаған ортаның кейбір аспектілерінің өріс пен толқынға әсерін қарастырдық.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Шарфельд Т. Системы RFID низкой стоимости. – М., 2006. – 197 с.
- [2] <http://www.masters.donntu.edu.ua/2009/kita/naumenko/library/article3.htm>
- [3] Баскаков С.И. Электродинамика и распространение радиоволн: Учеб. пособие для вузов по специальности «Радиотехника». – М.: Высш. школа, 1992. – 416 с.

REFERENCES

- [1] Sharfeld T. *RFID systems low cost*. М., 2006. P. 197.
- [2] <http://www.masters.donntu.edu.ua/2009/kita/naumenko/library/article3.htm>
- [3] Baskakov S.I. *Electrodynamics and Propagation: Textbook*. Manual for schools in the specialty «Radio Engineering». М.: Graduate school, 1992. P. 416.

ДЕЙСТВИЕ НЕКОТОРЫХ АСПЕКТОВ НА ПОЛЕ И ВОЛНЫ В СИСТЕМЕ RFID**О. Б. Суйеубаев**

Алматинский университет энергетики и связи, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: RFID-технологий, интерференция, феррит, импеданс, метка, считыватель.

Аннотация. В работе дана информация о том, что следствием свободного распространения и слабого спада интенсивности является повышенная чувствительность систем RFID в дальней зоне к отражениям, рассеянию или дифракции собственного излучения или излучения других источников. В случае RFID в считывателях используется эквалайзирование и антенная многоканальность.

В системах RFID дальней зоны диаграммы направленности антенн меток также могут существенно искажаться при их близком взаимном расположении и, соответственно, эффективность передачи мощности и сигналов будет снижаться.

*Поступила 25.02.2015 г.***NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

PHYSICO-MATHEMATICAL SERIES

ISSN 1991-346X

Volume 3, Number 301 (2015), 211 – 215

**THE BASIC STRUCTURE OF TEACHING
IN HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS WITH INFORMATION
AND EDUCATIONAL ENVIRONMENT****Z. T. Suranchieva, A. K. Otelbaeva**

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: zina_ss@mail.ru

Key words: information and communication technology, information, digital educational resources, multimedia, distance learning, information educational environment.

Abstract. This article describes the basic structure of education using new methods of information technology in higher education. The main issues of using information technology in the educational process are included. The need to organize training courses to develop skills in the use information and communication technologies in the learning process is an urgent problem today. The methods of teaching are used in conjunction with the new information technologies. Also the features and structure of the educational environment of distance learning are described.

УДК 372.851.02

**ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДА АҚПАРАТТЫҚ
БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА БІЛІМ АЛУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРЫЛЫМЫ****З. Т. Суранчиева, А. К. Отелбаева**

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ақпараттандыру, сандық білім беру қорлары, мультимедия, қашықтан оқыту, ақпараттық білім беру ортасы.

Аннотация. Мақалада жоғарғы оқу орнында ақпараттық технологияның жаңа әдістерін пайдаланып білім арудың негізгі құрылымы қарастырылған. Білім берудегі ақпараттық технологияны қолданудың негізгі

мәселелері қамтылған. Педагогтардың ақпараттық және коммуникациялық технологияларды оқыту үрдісінде қолдана білу мүмкіндігін дамыту мақсатында оқу курстарын ұйымдастырудың қажеттілігі бүгінгі білім беру жүйесінің өзекті мәселесінің біріне айналып отыр. Жаңа ақпараттық технологияны қолдануда пайдаланылатын оқытудың тәсілдері көрсетілген. Сонымен бірге қашықтықтан білім берудің ерекшеліктері, ақпараттық білім беру ортасының құрылымы сипатталған.

Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың даму кезеңі оқу-ағарту саласында ақпараттық технологияның жаңа әдістерін кең көлемде қолдануды қажет етеді. Осыған байланысты қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, білім беру жүйесінде ақпараттық коммуникациялық технология өмірге келді. Ақпараттандырудың негізгі саласының бірі білім саласын ақпараттандыру болып саналады. Қоғамымызды құрайтын тұрғындардың алдыңғы қатардағыларының ой-еңбегінің жемісі болып табылатын ақпараттық ресурстарды күнбе-күн пайдалану ісі өсіп келе жатқан жас ұрпақты ізденісі мол шығармашылық бағытта тәрбиелеу керек екендігін анықтап отыр.

Қазіргі білім беру ортасында студенттер мен оқытушылардың компьютермен қамтамасыз етілуі білім берудегі ақпараттық технология негізінде дами келе негізгі үш мәселені қамтиды:

- оқу үрдісіндегі Интернет желісін қолдану әр түрлі орындарда жүзеге асырылады;
- білім берудегі және шығармашылық үрдістегі әрбір қолданушылар бір-бірімен әр уақытта байланысып, бірыңғай білім берудегі ақпараттық кеңістікте білімдері дамиды;
- педагогтар мен білім алушылар біріге отырып ақпараттық білім беру ресурсын басқаруды қолданып әр түрлі мәліметтер қорларын құрып, дамыта алады.

Осыларды негізге ала отырып компьютерлік-желілік байланыс қамтамасыз етіліп, үздіксіз білім беру жүзеге асырылып жатыр. Яғни сырттай білім алатындар үйінде отырып желілік байланыс негізінде қашықтықтан білім алуына болады. Сонымен қатар осындай ақпараттық кеңістікте білім беруде бұрынғы дәстүрлі оқытудағы әдістерді қолданбай, компьютерде қолдануға болатын жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу қажет. Ғалымдар мен мамандардың пікірінше, педагогтың ақпараттық мәдениетін дамытудың негізгі факторы ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдануға байланысты біліктілікті көтеру жүйесі болып саналады. Педагогтардың ақпараттық және коммуникациялық технологияларды оқыту үрдісінде қолдана білу мүмкіндігін дамыту мақсатында оқу курстарын ұйымдастырудың қажеттілігі бүгінгі білім беру жүйесінің кезекті мәселесінің біріне айналып отыр. Білім беруді ақпараттандыру мемлекеттік саясатынан, материалды-техникалық қамтамасыз етуден және педагогикалық мамандарды даярлаудан бөлек, мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес сандық білім беру қорларының жасалуына себеп болды [1].

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру тиімділігін де арттырады. Бұл бірінші кезекте сандық түрде жазылған ақпараттарды пайдалану кезінде қажетті мәліметтерді оңай табуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде көптеген әлемге танымал энциклопедиялар, сөздіктер электронды түрге айналдырылған.


Жаңа ақпараттық технологияны пайдалануда оқытудың әртүрлі тәсілдерін пайдалану барысында білім сапасын арттыруға болады. Пайдаланатын әдістерді төмендегідей сызба түрінде көрсетуге болады.

Сабақта жоғарыда көрсетіліп отырған барлық әдіс бойынша қай оқыту тәсілін пайдалансаңыз да өзіңіз білесіз. Мұндағы оқытушының қызметі: студенттердің компьютермен жұмыс істеу қабілетін ескеріп, пән аралық қорытынды сабақ өту барысында компьютермен байланыстыру керек.

Өзін-өзі оқыту бағдарламасы. Бұл әдісте оқытушының қызметі студенттерді қадағалап тұру және жаңа сабақты қысқаша түрде түсіндіру. Содан кейін студенттер өздері компьютердегі алдынала дайындалып қойылған бағдарламаны ашып, жұмыс жасай береді.

Биоақпарат әдісі. Оқытушының міндеті - әдебиеттер беру және студенттерді тыңдап, оның қате кеткен жерлерін айту. Бұл әдістің ерекшелігі әр студенттің ізденімпаздығын, яғни шығармашылық жұмыс жасауын арттыру болып табылады.

Электрондық оқулық. Студенттер үшін электрондық оқулық мектеп қабырғасында жүрген жылдарында өздігінен білімін толықтырып отыруға және мақсатты түрде бітіру емтихандарына дайындалуға мүмкіндік беретін ақпарат көзі. Электрондық оқулықтар бойынша студент тапсырманы қызыға орындайды, сонымен қатар өз қатесін табады. Студенттің оқу түріне сай және әркімнің шамасына, мүмкіндігіне қарай тапсырма беруге қолайлы.



1-сурет – Жаңа ақпараттық технологияны қоланудағы оқытудың әртүрлі тәсілдері

Қосымша бағдарламалар арқылы. Яғни, қолданбалы бағдарламаларды қолдана отырып, Microsoft PowerPoint пен ActivInspire программаларында презентация, Microsoft Excel арқылы диаграмма құру арқылы көптеген қызықты сабақтар өткізуге болады.

Мультимедиялық оқыту бағдарламасы. Студентке компьютер экраны арқылы жаңа сабақты түсіндіріп, оқу үрдісін өзі атқарады.

Қашықтықтан оқыту тәсілі. Қашықтықтан білім беру белгілі бірқашықтықта отырып, компьютерлік телекоммуникация және де басқа байланысу орталары көмегімен оқып үйрену мақсатындағы ақпараттармен өзара алмасу тәсіліне негізделген.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру тиімділігін де арттырады. Бұл бірінші кезекте сандық түрде жазылған ақпараттарды пайдалану кезінде қажетті мәліметтерді оңай табуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде көптеген әлемге танымал энциклопедиялар, сөздіктер электронды түрге айналдырылған.

Білім берудегі ақпараттық технологиялар ақпараттық есептеуіш техникаларды қолдану барысында туындайды. Білім берудегі ақпараттық технологиялар білім беру ортасында жұмыс істейтін келесі компоненттерді анықтайды:

- техникалық (қатынау құралында және компьютерлік техникада қолданылатын түрі);
- программалық-техникалық (нақтыланған техникалық оқытуға қажетті программалық құралдар);
- ұйымдастырушылық-әдістемелік (оқу үрдісіндегі ұйымдардағы оқытушылар мен оқушыларға арналған нұсқаулар).

Білім беру технологиясы негізінде жоғарғы оқу орнында ғылыми және инженерлік білім және әдістер мен құралдар пәндік аймақта ақпаратты сақтап, өңдеп, жинап тасымалдауға арналып қолданылады. Оқу бағдарламаларына сәйкес ақпараттық технологиялардың қолданылуы тікелей тәуелденіп қалыптасады. Жоғарғы оқу орнындағы ақпараттандыру мәселелерінің басты міндеті ретінде жаңа ақпараттық технологияны мамандарды ақпараттық мәдениет көрсеткішіне дейін сапалы түрде дайындау мақсатында жаһандандыруды арттыру болып табылады. Индустриалды қоғамның қажеттілігіне сәйкес мамандарды дайындау қажет [2].

Қашықтықтан білім берудің ерекшеліктері төмендегідей:

1. Икемділік – студент өз еркімен сабақтың уақытын, орнын жоспарлайды.
2. Модульдік – оқуға арналған материалдар модуль түрінде болады, яғни студенттің қажеттілігі мен сұрауларына сәйкес орындалады.
3. Қолжетімділік – студенттің географиялық және уақытқа тәуелсіз бірыңғай білім алуы жүзеге асырылады.

4. Тиімділік – білім мекемесінде экономикалық жағынан шығындардың, яғни уақыттың экономикалық ресурсы, материалдық жағынан (баспаға шығару, материалдарды көбейту) аз кетуіне қажеттілігін тигізеді.

5. Мобильділік – оқытушы мен студент арасындағы кері байланыс қашықтықтан оқытудың үлкен жетістіктер үрдісі болады.

6. Қамтамасыз ету – оқыту ақпараттарына бір уақытта қатынау (электронды кітапханалар, мәліметтер банкі, білім қорларына және т.б.).


7. Технологияландыру – білім беру үрдісіндегі ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін қолдану.

8. Қоғамдық тепе-теңдік – студенттің тұрған орнына, денсаулығына, материалдық қамтамасыздануына тәуелсіз бола отырып, білім алу теңдей жүзеге асырылады.

Ақпараттық технологиялар оқу үрдісінің модельдерінің өзгеруіне яғни, репродуктивті оқытуда оқытушыдан студентке креативті модельге өтуге мүмкіндік береді.

Ақпараттық білім беру ортасындағы жетістіктері мен кемшіліктерінің талдануы және қазіргі кездегі жағдайы мен телекоммуникациялық құралдар келесі принциптерді көздей отырып, қазіргі уақытта ақпараттық білім беру ортасында жобаланып құрылуы қажет:

- Көпкомпонентті-ақпараттық білім беру ортасы оқу-әдістемелік материалдарды, бағдарламалық жабдықтарды, тренингтік жүйелерді, білімді бақылау жүйесін, техникалық құралдар, мәліметтер қоры және ақпараттық-анықтамалық жүйелер, ақпараттың әр түрін сақтау, бір-бірімен байланысын қамти отырып көпкомпоненттіліктің ортасын құрайды.



2-сурет – Ақпараттық білім ортасының құрылымы

- Интегралды-ақпараттық компоненттер ақпараттық білім ортасында мамандардың дайындалуымен анықталған әлемдік ресурстағы ғылым және техника аумағындағы мәліметтер білімін пәнаралық байланыстарды ескеріп, білімді ақпараттық-анықтамалық қосымша оқу материалдарын өзіне қосып алуы қажет.

- Таратылу – ақпараттық білім беру ортасындағы ақпараттық компоненттер ақпаратты сақтау бойынша, қазіргі кездегі техникалық құралдардың шектелуімен таралады.

- Бейімделу – ақпараттық білім беру ортасы білім беру жүйесінен ауытқымай, оның құрылуын және принциптерін өзгертпей, ақпараттық білім беру ортасында ақпараттың көпшілік қажеттігіне қарай орындалуы қажет. Осыларды негізге ала отырып ақпараттық білім беру ортасының құрылымы 2-суреттегідей сипатталады.

Тұжырымдалған принциптер ақпараттық білім беру ортасында дәстүрлі білім беру жүйесінде білім беруге қажетті болып, басқа жағынан өзіндік жүйе ретінде жаңа ақпараттық технологияларды қолданып студенттердің белсенді шығармашылық әрекетіне бағытталады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін оқу және жазу қабілеті әрбір адам үшін қажетті шартқа айналды. Алынған білім мен дағдылар бұдан әрі қоғамның даму жолдарын анықтайды.

Сонымен ақпараттық білім беру ортасында студенттерге білім беруде ақпараттандыру үрдісінің негізгі бағыттарымен таныстырып, болашақ педагог мамандардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру керек. Осыларды ескере отырып ақпараттық білім беру ортасында үздіксіз білім беруді жетілдіру негізінде қашықтықтан ақпараттық технологияның көмегімен білім алуды оқытушы және студент болып кеңінен қолға алу қажет. Осыларды орындай келе біздің елде ақпараттық білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті мамандар дайын болады.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Авдеева С. Цифровые ресурсы в учебном процессе: [о проекте «Информатизация системы образования» и о создании Единой коллекции цифровых образовательных ресурсов] // Народное образование. – 2008. – № 1. – С. 176-182.
[2] Арменголь М. Влияние глобализации на деятельность иберо-американского виртуального университета // Высшее образование в Европе. – 2002. – Т. XXVII, № 3.

REFERENCES

- [1] Avdeeva S. *Digital resources in the learning process* [about the project "Informatization of Education System" and the establishment of a single collection of digital educational resources] Public education. 2008, № 1, 176-182. (in Russ.).
[2] Armengol' M. *The impact of globalization on the activities of the Ibero-American Virtual University*. Vysshee obrazovanie v Evrope. 2002, Vol. XXVII, № 3 (in Russ.).

ОСНОВНАЯ СТРУКТУРА ОБУЧЕНИЯ В ВЫСШЕМ УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ С ИНФОРМАЦИОННО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДОЙ

З. Т. Суранчиева, А. К. Отелбаева

Казахский государственный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: информационно-коммуникативные технологии, информатизация, цифровые образовательные ресурсы, мультимедия, дистанционное обучение, информационная образовательная среда.

Аннотация. В статье рассмотрена основная структура образования с применением новых методов информационной технологий в высшем учебном заведении. Включены основные вопросы использования информационных технологий в учебном процессе. Необходимость организации учебных курсов в целях развития навыков применения педагогами информационных и коммуникационных технологий в учебном процессе является актуальной проблемой на сегодняшний день. Рассмотрены методы обучения используемые совместно с новыми информационными технологиями. Также описаны особенности и структура информационно-образовательной среды дистанционного обучения.

Поступила 25.02.2015 г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

PHYSICO-MATHEMATICAL SERIES

ISSN 1991-346X

Volume 3, Number 301 (2015), 216 – 222

POSSIBILITIES OF THE USE BIPOLYARIZATOR MADE FROM ICELANDIC SPAR

A. U. Umbetov

Arkalyk state pedagogical institute after I. Altynsarin, Arkalyk, Kazakhstan.

E-mail: umbetov.a@mail.ru

Key words: hertzian waves, crystal, quantum electronics, interference, laser, polarization, interferometer.

Abstract. The theory of cooperation of hertzian waves with substances in fundamental research presents both theoretical and practical interest. An analysis and synthesis of the optical systems from monaxonic crystals show the important value of their application in the optical-electronic devices of transmission, distribution and treatment of information. One of interesting on the functional possibilities of the crystal optical systems is bipolizator (BP). In the real work the method of calculation of motion of hertzian waves is shown in bipolizator and feature of origin of interference pictures on the exit of bipolizator. Using bipolizator in a laser radiation, by means of interference of the hertzian waves formed to them on an exit it is possible with greater exactness to define locations small longitudinal displacement and corner of turns of objects. Thus on a base bipolizator it is possible to create a number of laser polarization interferometric devices using in various directions coherent optics.

УДК 533.09.01

ИСЛАНД ШПАТЫНАН ЖАСАЛЫНҒАН БИПОЛЯРИЗАТОРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МҮМКІНДІКТЕРІ

A. У. Умбетов

Ы. Алтынсарин атындағы арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, Арқалық, Қазақстан

Тірек сөздер: электромагнитті толқындар, бір осьті кристалдар, квантты электроника, интерференция, лазер, поляризация, интерферометр.

Аннотация. Электромагнитті толқындардың заттармен әсерлесу теориясы іргелі зерттеулердегі теориялық және тәжірибелік жағынан маңызды мәселелердің бірі. Әртүрлі бағыттар бойынша ерекшеленетін оптикалық жүйелердегі электромагнитті толқындардың таралуы және маңызды құбылыстар береді. Бір осьті кристалдарды әртүрлі үлгіде қарастыра отырып, квантты электроникаға қажетті элементтер аламыз. Солардың бірі биполяризатор (БП). Мақалада биполяризатордың құрлысы және одан электромагнитті толқындардың таралуы, өткен сәулелердің ерекшеліктері және интерференция құбылысының алыну тәртібі қарастырылады. Осындай жүйелерді лазер сәулесінде қолдана отырып, денелердің кеңістіктегі орнын, аз ығысу шамасы мен бұрылу бұрышын өте үлкен дәлдікпен анықтай аламыз. Сонымен бірге кристалды оптикалық жүйелердің негізінде әртүрлі мақсатта қолданылатын лазерлік поляризациялық интерферометрлер құрастыруға мүмкіндіктер туады.

Квантты электроника мен когерентті оптиканың дамуына байланысты әртүрлі кристалды оптикалық жүйелердің ғылыми техникалық және өндірістік құрылымдарда қолданылуы кең түрде артты. Кристалды оптикалық қондырғылардың көмегімен лазер сәулелерін басқару, амплитудасын, жиілігін, фазасын және поляризациясын басқару сәтті шешіледі. Сонымен бірге жарық сәулесін үздікті және үздіксіз сканірлеу, сапасын модуляциялау және оптикалық резонатордың модтарын бөліп алу, оптикалық сәулелердің ұзақтылығы мен түрін басқару сәтті шешіледі [1, 2].

Кристалды оптикалық жүйелер, сонымен қатар кеңістіктік кодировкалау және декодировкалау үшін, басқармалы кеңістіктік сүзгіштерді құру үшін қажет [3]. Кристалды оптикалық жүйелер негізінде көптеген поляризациялық интерферометрлік қондырғылар жасалынған [4]. Олардың көмегімен үлкен дәлдікпен оптикалық денелерді өңдеу, сапасын анықтауға [5], лазер сәулелерінің геометриялық параметрлерін, лазер сәулесінің өрісінің кеңістіктік корреляциялық функциясын және когеренттік дәрежесін анықтай аламыз [6].

Электромагнитті толқындардың анизотропты кристалдардағы таралуының теориясы, орталардың бөліну шекарасындағы шағылу және сыну заңдары жеткілікті дәрежеде жақсы зерттелінген [7]. Алайда бірнеше анизотропты кристалдардан тұратын жүйелердегі лазерлердің жолын қатаң түрде есептеу үлкен, инженерлік есептеулерге жарамсыз өрнектерге алып келеді. Және кристалды оптикалық жүйелердің жалпы қасиеттерін зерттеуге мүмкіндік бермейді.

Оқулықтарда белгілі қосарланып сындырғыш призманың сәулелердің жолын есептеу [8, 9] призманың кіріс қабырғасының жарықтың нормаль түсіуімен шектеледі және әр бір жеке призмаға бөлек есептелінеді. Қосарланып сындыратын айнымалы екілену бұрышты призмалардағы (КСАЕБП) жолдарын есептеу әдістемесі белгілі [10]. Және Дове түріндегі призмалардағы есептеу әдістемесі де белгілі [11].

Берілген жұмыста биполяризацияларды теориялық және тәжірибе жүзінде толығырақ зерттеу мақсат етіп қойылды. Жүйенің құрамдарындағы кристалдардың оптикалық осьтері әр түрлі бағытталады.

Жұмыста келесі міндеттер орындалды.


1. Биполяризациядан электромагнитті толқындардың өтіуінің жалпы есептеу әдістемесін жасау. Бұл әдіс айтылған жүйелердің қасиеттерін талдауға ыңғайлы және инженерлік есептеулерге тиімді.

2. Биполяризацияда поляризациялық сәулелерді жіктеу режимінде олардың арасындағы интерференция құбылысын зерттеу.

3. Бифокалды линзалар мен биполяризациядың жаңа лазерлік өлшегіш құралдарды құру үшін қолданылу мүмкіндіктерін зерттеу.

Биполяризатор. Инновациялық технологиялардың ғылым мен өндірістегі алатын орнының ерекшелігіне сәйкес іргелі зерттеулерді дамыту маңызды. Солардың ішінде электромагнитті толқындардың құрылымдары әртүрлі оптикалық жүйелерден өту теориясының практикалық маңызы зор. Кристалды оптикалық жүйелер негізінде әртүрлі бағыттар мен мақсаттар үшін қолданылатын лазерлі поляризациялық интерферометрлер алуға болады. Сондай оптикалық жүйелердің бірі – биполяризатор (БП).

Биполяризатор (БП) (1, а.б-сурет) көрсетілгендей құрылым түрінде болады. Исланд штатынан жасалған призма көлденең қимасы теңбүйірлі трапеция түрінде (Дове призмасы) үлкен негізі бойынша канадтық балзаммен желімделіеді. CaCO_3 жасалынған Дове призмасы жұмыста қарастырылған. Бұл жұмыста қарастырылған құрылымның айырмашылығы оптикалық остердің бағыттарына байланысты. Дове призмасындағы төменгі және жоғарғы бөліктерінде оптикалық остерінің бағытталынуы келесідей. Остер вертикалді жазықтықта орналасқан. Өзара паралель және желімделіну жазықтығымен $\frac{\pi}{4}$ бұрыш құрайды (1б-сурет). Остердің бағыттарының осылай таңдап алынуы БП лазер сәулелерімен жұмыс істегенде ыңғайлы болады. Лазер сәулелерінің электр өрісінің кернеулі $\vec{E}$ вертикал бағытталған. БП формасын параметрлерімен белгілейік. Жалпы негізінің ұзындығы $A_1A_2=2a$ бүйір қабырғасының ұзындығы $A_1B_1=l$, $L(A_2A_1B_1)=\varphi$ (54 в-сурет). φ бұрышы шеңберлі поляризацияланған сәуле қабырғаға аз бұрышпен түскен кезде БП-да (о) кәдімгі (е) кәдімгі емес сәулелерге бөлінетіндей етіп таңдап алынады. е-сәуле желімнің қабаты арқылы өтеді (желім келесі шартты қанағаттандырады $n_e < n_{k.b} < n_0$), ал о- сәуле желімделген бөлікте A_1A_2 толық ішкі шағылуға ұшырайды және A_2C_2 қабырға арқылы шығады. Дәл осылай шеңберлі поляризацияланған сәуле A_1B_1 қабырғасына нормаль түсе отырып, о- сәулеге бөлінеді. Ол желімденген бөліктен АА толық ішкі шағылуға ұшырайды, ал е- сәуле желім қабаты арқылы өтіп, БП-дан АС қабырғасы арқылы шығады. $\varphi=65^\circ$ бұрыш қойылған талаптарды қанағаттандырады [12].



1-сурет – а. Биполяризатордың (БП) аксиометриялық түрі, б – Р қоймадағы БП түрі, в – БП-ғы о- және е-толқындардың таралуы


БП шағысында о-және е сәулелер анализатормен біріктіріледі. Анализатор БП қабырғасына перпендикуляр қойылған, осыдан интерференциялық сурет пайда болады. Интерференциялық сурет A_1C_1 және A_1B_1 қабырғаладағы сәулелердің пайда болу шартымен анықталады.

БП интерференциялық режимдық жұмысы келесідей; 1 лазер сәулесі (2-сурет) БП кіріс қабырғасына кіре отырып, екі ортогоналды поляризацияланған сәулелерге бөлінеді: o_1 – кәдімгі және e_1 – кәдімгі емес. БП-ғы екі Дове призмасындағы бас остер өзара паралель және БП негізімен бұйырлы қабырғасына перпендикуляр жазықтықта жатады және Дове призмасының негізімен 45° бұрыш құрайды. Бұл жағдай лазер сәулелерімен жұмыс істегенде ыңғайлы болады. Себебі лазер сәулесі вертикаль жазықтықта поляризацияланған және БП-ға түсетін жарық сәулесінің электрлік тербеліс векторы БП қабырғасына паралель. Сонымен o - және e -сәулелердің интенсивтіліктерін бірдей болуына қажетті шарттар туады. Осы шарттың негізінде контрастілігі максималды интерференциялық сурет аламыз. o -кәдімгі сәуле БП-дан Дове призмалары желімделген негіздерінен толық ішкі шағылуға ұшырап шығады. Желімдеу канадтық балызаммен жүргізілген. Себебі канадтық балызамның сыну көрсеткіші аралық мәнге ие болады

$$n_e < n_{K\bar{6}} < n_0.$$

е – кәдімгі емес сәуле БП ауытқымай шығады.

λ лазер сәулесі (2-сурет) БП теріс қабырғасына келіп түскен соң ол да ортағаналды поляризацияланған екі сәулеге жіктеледі: o_2 және e_2 . Сонымен БП шығысында төрт поляризацияланған сәулелер болады: o_1 , e_1 , o_2 , e_2 .




2-сурет –
БП-поляризатордың
жұмыс режимы

o_1, e_2, e_1, o_2 сәулелер арасында және екі өлшегіш жолдар бойында A_1 анализатордың көмегімен фотобірігу жүргізіледі. Интерференциялық сурет БП бүйір қабырғасына параллель, қалыңдықтары бірдей жолақтар түрінде болады.


БП-ды сәл бұрғаннан өзінде схеманың екі жолы бойынша да интерференциялық жолақтардың өз ара ығысуы жүреді. Тәжірибе негізінде БП-ның кіріс қабырғаларына жарықтың түсу бұрышына интерференциялық растрлердің кеңістіктік жиілігінің тәуелділігі зерттеледі. Тәжірибенің нәтижелері 3-суретте келтірілген. Тәжірибенің көрсетуі бойынша өлшенетін бұрыштар аралығы $\alpha = \pm 70^\circ$ шамада болатындығы анықталды. 3-суретте БП-дың “лазер сәулесін жіктегіш” режиміндегі жұмыс схемасы көрсетілген. Көлденең қыймасының диаметрі ~ 5 мм коллимерленген лазер сәулесі Дове призмасының желімделген негізі арқылы өтеді. Осыдан БП-нің шығысында сегіз поляризацияланған, төртеуден ортогональді жазықтықтардағы сәулелер пайда болады. 1, 2, 4 және 4'-кәдімгі сәулелер болады, ал 1', 2', 3' және 3-кәдімгі емес толқындар болады. 1 және 2, сонымен бірге 1' және 2' сәулелер өз ара параллель бағытта тарайды (3-суретте көрсетілгендей).

БП соңғы режимі оның негізгі сипаттамаларына жатпайды. Бірақ кейбір жағдайларда лазер сәулесін сегіз каналдар бойынша мультипликациялау үшін қолданылуы мүмкін. БП-ның негізгі жұмыс режимі ол екі каналді режим. Әрбір канал бойынша интерференция аламыз, одан соң екі каналді өз ара қосып, фототіркеудің нәтижесінде қорытынды сигналді аламыз. Бұл жағдай қондырғының сезімталдығын өте үлкен шамаға дейін арттырады.

БП осындай күйде лазер сәулесін жіктейтін қондырғылар есебінде триангулярлы түрдегі лазер гироскопында қолдануға мүмкіндік береді.



3-сурет – БП-ғы интерференциялық жолақтарының кеңістіктік жиілігінің α бұрылу бұрышына тәуелділігі



4-сурет – БП-биполяризатордың “лазер сәулесін жіктегіш” режиміндегі жұмысы (1, 2, 4, 4')-0-сәулелер, (1', 2', 3', 3)-е-сәулелер


БП жасалынған теориясының негізінде онының қолданылуымен жасалынған поляризациялық интерферометр ұсынылады. $\Delta x = \frac{\lambda}{2\alpha}$ өрнектен шығатыны БП шығысындағы интерференциялық суреттің кеңістіктік жиілігін оның кіріс қабырғасына түсетін лазер сәулесінің түсу бұрышына тәуелді болады. Бұл жағдай БП денелердің аз бұрышқа жілжуын өлшеуге және бақылау үшін қолдануға мүмкіндік береді.

Белгілі қондырғыларда айтылған максаттарді шешу үшін қосарланып сындырғыш пластинкалардың бір мезгілде немесе жеке бірнеше түрлері қолданылады. Бұл белгілі қондырғыларда объектілердің аз бұрыштық ығысуын өлшеу дәлдігі жоғары емес (бірнеше ондық бұрыштың секунд).

БП құрлысы объектілердің өте аз бұрыштық ығысуларын үлкен дәлдікпен өлшеуге мүмкіндік беретін схемаларды құруға мүмкіндік береді (оннан бір бұрыштық секунд).

Осындай мүмкін болатын схеманың бірі төменде көрсетілген.

